Мың жасаған шаһардың шамшырағы

ALMATY AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №109 (6787) 20 қараша, жұма, 2026 жыл | www.aqshamnews.kz

12+

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ

29 қараша МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

@AQSHAMY_KZ

@AQSHAM_NEWS



МЕГАПОЛИСТЕГІ МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР

Шаһар басшысы инвесторларға қолдау көрсетуді тапсырды

Жиында жалпы құны 142 млрд. теңге болатын 11 инвестициялық жоба қаралды. Оларды жүзеге асыру нәтижесінде шамамен, 950 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр.

Жобалар энергетика, өнеркәсіп және туризм салаларын қамтиды. Атап айтқанда, Түрксіб ауданында қуаты 37 МВт және жылу өндіру көрсеткіші 43 Гкал болатын жылу электр станциясын салу көзделген. Жаңа станция аудандағы тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды жылу және электр қуатымен тұрақты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өндіріс саласында үш жоба ұсынылды. Оның бірі – Жетісу ауданында сусын өндіретін зауыт салу. Қалған екеуі Алматының Индустриялық аймағында жүзеге асырылады. Олар суды толық циклмен тазарту жүйелерін өндіретін кәсіпорын және талшықты-оптикалық кабель шығаратын зауыт. Сонымен қатар, күн тәртібіне қонақүй инфрақұрылымын дамытуға бағытталған жеті жоба енгізілді. Олардың қатарында халықаралық брендтермен жұмыс істейтін қонақүйлер де бар.

Жиын соңында Дархан Сатыбалды тиісті басқармалар мен аудан әкімдеріне жобаларды жүзеге асыруда инвесторларға қажетті қолдау көрсетуді тапсырды. Сонымен бірге, барлық бастаманың заңнама талаптарына сәйкес келісу рәсімдерінен өтіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алуы қажеттігін ескертті. Қала әкімдігі өз құзыреті шеңберінде инвесторларға қолдау көрсетуге және туындаған мәселелерді жедел шешуге көмектесуге дайын.

Алматының Алатау ауданында орналасқан Индустриялық аймағы қаланың өнеркәсіптік әлеуетін дамытуға арналған негізгі өндірістік алаң саналады. Бұл аймаққа орталықтандырылған электр, су, газ, кәріз желілері тартылған. Мұнда машина жасау, құрылыс индустриясы, тамақ, фармацевтика және химия өнеркәсібі салаларындағы жобалар шоғырланған.

Биыл да мегаполисте өнеркәсіп, сауда, қызмет көрсету, туризм және логистика салаларындағы инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен жаңа жұмыс орындарын ашу жұмыстары жалғасуда. Іске қосылған инвестициялық жобалар аясында құрылатын тұрақты жұмыс орындарына ең алдымен Алматы қаласының тұрғындары, соның ішінде жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген азаматтар мен жас мамандар тартылады.

Шаһардағы инвестициялық саясат қоршаған ортаға зиянсыз, экологиялық талаптарға сай келетін және қосылған құны жоғары өнім шығаратын өндірістерді дамытуға бағытталған. Өңірлік инвестициялық штаб қарауына ұсынылатын әрбір жобаның экономикалық тиімділігі, қаланың инженерлік желілеріне түсетін жүктемесі және жаңа жұмыс орындарын құру әлеуеті кешенді түрде бағаланады. Қолдау тапқан жобалардың уақытылы іске қосылуын бейінді басқармалар тұрақты бақылауда ұстайды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

9 772223 237006

САРАП-ТІМЕ

16 қарашада Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасының қаңтар-қазан айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы жинақты жариялады. Онда елдегі демографиялық ахуал, көші-қон, халық табысы, жұмыспен қамту және баға динамикасы жөніндегі негізгі көрсеткіштер қамтылған. Ресми деректер халық саны мен атаулы табыстың өсуімен қатар, табиғи өсімнің баяулағанын, нақты жалақы мен өңірлер арасындағы айырмашылықтардың сақталып отырғанын көрсетеді.



ДЕМОГРАФИЯ ДИНАМИКАСЫ

Негізгі көрсеткіштер нені аңғартады?

Әлеуметтік даму мен көші-қон

Ресми мәліметке сүйенсек, 2026 жылғы 1 қазанда Қазақстан халқының саны 20 миллион 633,5 мың адамға жетті. Бір жыл ішінде тұрғындар саны 188,3 мың адамға немесе 0,9 пайызға өскен. Халықтың 64,2 пайызы қалаларда, 35,8 пайызы ауылдық жерлерде тұрады. Бұл Қазақстандағы урбанизация үдерісінің жалғасып жатқанын аңғартты. Дегенмен, халық өсімінің астарында демографиялық қарқынның бәсеңдеуі байқалады. Қаңтар-қыркүйек аралығында 226 990 бала дүниеге келген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 9 пайызға аз. Осы уақытта қайтыс болғандар саны 1 пайызға өсіп, 98 687 адамды құрады. Соның нәтижесінде табиғи өсім 151,6 мыңнан 128,3 мың адамға дейін, яғни шамамен, 15 пайызға қысқарған.

Осылайша халық саны өскенімен, өсімнің демографиялық негізі біртіндеп әлсіреп келеді. Туу көрсеткішінің төмендеуі әзірге жалпы халық санына айтарлықтай әсер етпегенімен, бұл үрдіс ұзақ мерзімде еңбек нарығына, білім беру жүйесіне және зейнетақы жүктемесіне ықпал етуі мүмкін. Сондықтан демографиялық саясатта жәрдемақы төлеумен шектелмей, баспана, жұмыспен қамту, балабақша мен медициналық қызметтердің қолжетімділігіне кешенді назар аударуға тура келеді.

Демографиялық өзгерістердің екінші қыры халықтың ел аумағында біркелкі орналаспауы. Ішкі көші-қон бір жылда 5,8 пайызға артқан. Аймақаралық көші-қонның оң сальдосы небәрі бес өңірде қалыптасты. Астанаға 52 мыңнан, Алматыға 29 мыңнан астам адам көшіп келген. Шымкент, Алматы және Ақмола облыстарында да оң көрсеткіш тіркелген. Халық санының жалпы өзгерісі де осы үрдісті растайды. Бір жыл ішінде Астана тұрғындарының саны 94,7 мың, Алматыда 55,1 мың, Шымкентте 34,6 мың адамға өскен. Сонымен қатар, Абай, Жамбыл, Жетісу, Қостанай, Павлодар, Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстарын қоса алғанда, бірқатар өңірде халық саны азайған.

Бұл жағдай Қазақстандағы ішкі көші-қонның негізінен бірнеше экономикалық орталыққа бағытталғанын аңғартады. Бір жағынан, ірі қалалар жаңа тұрғындарды жұмыс, білім және қызмет көрсету мүмкіндіктерімен тартады. Екінші жағынан, халықтың шоғырлануы баспана бағасына, мектептерге, ауруханаларға, жол және коммуналдық инфрақұрылымға қосымша салмақ түсіреді. Ал тұрғындары азайып жатқан өңірлер еңбек ресурстарының тапшылығы мен әлеуметтік нысандарды ұстап тұру мәселесіне тап болуы ықтимал.

Ал сыртқы көші-қон белсенділігі төмендеген. Қазақстанға келгендер саны 44,5 пайызға, елден кеткендер 40,3 пайызға азайды. Тоғыз айда елге 8971 адам келіп, 3567 адам кеткен. Демек, сыртқы көші-қон сальдосы оң болғанымен, оның халық санына ықпалы ішкі көші-қон мен табиғи өсімге қарағанда әлдеқайда төмен.

Әл-ауқатымыздың әлеуеті

Еңбек нарығындағы жалпы көрсеткіштер салыстырмалы түрде тұрақты. 2026 жылдың үшінші тоқсанында жұмыспен қамтылған халық саны 9 миллион 403,4 мың адамды құрады. Жұмыссыздар саны – 445,6 мың адам, ал жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайыз болды. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, жұмыспен қамтылғандар саны 0,8 пайызға өскен. Бұл оң үрдіс. Алайда, жұмыссыздықтың тұрақты деңгейі еңбек нарығында мәселе жоқ дегенді білдірмейді. Екінші тоқсанның соңында кәсіпорындарда 56,5 мың бос жұмыс орны толтырылмай қалған. Сол кезеңде жұмысқа 268,4 мың адам қабылданып, 278,7 мың адам әртүрлі себеппен жұмыстан шыққан. Яғни бос жұмыс орындары бола тұра, жұмыс берушілердің сұранысы мен жұмыс іздеушілердің біліктілігі немесе орналасқан жері арасында сәйкессіздік сақталып отыр.

Өңірлер бойынша да айырмашылық бар. Жұмыссыздықтың ең жоғары деңгейі Маңғыстау облысында – 5,1 пайыз. Павлодар облысында бұл көрсеткіш 4,9, Жамбылда 4,8, Шымкентте 4,7 пайыз болды. Ал Қарағанды және Ұлытау облыстарында жұмыссыздық деңгейі 4 пайызды құрады. Мұндай айырмашылық әр өңірдегі экономиканың құрылымы мен жаңа жұмыс орындарының сапасы біркелкі емес екенін көрсетеді.

Халықтың тұрмыс деңгейін бағалауда жұмыстың болуы ғана емес, одан түсетін табыстың сатып алу қабілеті маңызды. 2026 жылдың екінші тоқсанында жан басына шаққандағы орташа атаулы ақшалай табыс 263 691 теңгені құрады. Бір жылда ол 11,2 пайызға өскен.

Жалақы көрсеткіштерінде жағдай одан да күрделі. Екінші тоқсанда орташа атаулы жалақы 486 388 теңгеге жетіп, бір жылда 8,4 пайызға көбейген. Бірақ нақты жалақы индексі 98,2 пайызды құрады. Бұл жалақының сатып алу қабілеті 1,8 пайызға төмендегенін білдіреді. Оның үстіне аталған орташа көрсеткішке кәсіпкерлікпен айналысатын шағын кәсіпорындардың қызметкерлері кірмейді. Сондықтан ол барлық жалдамалы жұмыскердің нақты табысын толық көрсете алмайды.

Салалар арасындағы айырмашылық та айқын. Қаржы және сақтандыру саласындағы орташа жалақы 1,1 миллион теңгеден асса, өнер, ойын-сауық және демалыс саласында 312 мың, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметтерде 360 мың, білім беруде 386 мың теңгеге жуық болды.

Жалпы, статистикалық деректер Қазақстанның әлеуметтік ахуалын біржақты бағалауға болмайтынын көрсетеді. Халық саны мен жұмыспен қамту өсіп, атаулы табыс артқан. Бірақ осы оң көрсеткіштердің әсерін инфляция, өңірлік теңсіздік және демографиялық өсімнің баяулауы әлсіретіп отыр. Дегенмен, инфляция өткен жылмен салыстырғанда әлдеқайда төмендеді.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.
(Коллаж: ЖИ).

ЭКОНОМИКА

ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІН ҚОЛДАУ

мәселелері талқыланды

Шаһарда өткен «Әйелдер кәсіпкерлігі – экономикалық өсімнің қозғаушы күші» атты «дөңгелек үстелге» мемлекеттік органдардың, қаржы ұйымдарының, халықаралық институттар мен бизнес қауымдастықтардың өкілдері қатысып, саладағы өзекті мәселелерді ортаға салды.



Іс-шара Халықаралық әйелдер кәсіпкерлігі күніне орай ұйымдастырылып, 16–20 қараша аралығында Алматы, Астана, Бішкек, Ош және басқа да қалаларда өткен She Business Week апталығы аясында өткізілді. Бастаманы SHE Community ұйымы қолға алды.

Кездесу барысында Women Business Barometer Kazakhstan 2026 зерттеуінің нәтижелері таныстырылды. Зерттеу әйелдер кәсіпкерлігінің қазіргі ахуалын, бизнесті жүргізу ерекшеліктерін, қаржы құралдарының қолжетімділігін және компаниялардың дамуына кедергі келтіретін факторларды қамтыды.

Зерттеу деректеріне сүйенсек, сауалнамаға қатысқан әйелдердің 63,8 пайызы қаржылық басқару бойынша білімінің жеткіліксіз екенін айтқан. Ал 58,6 пайызы сату және маркетинг саласында қосымша білім мен дағды қажет екенін көрсеткен. Сонымен қатар, цифрлық трансформация жолындағы негізгі кедергілердің бірі ретінде білікті мамандардың тапшылығы аталды. Осыған байланысты кәсіпкер әйелдер арасында қаржылық сауаттылықты арттыру, бизнесті басқару және цифрландыру бағытындағы практикалық оқыту бағдарламаларына сұраныс жоғары екені айтылды.

SHE Community ұйымының тең құрылтайшысы, SPDEx логистикалық компаниясының негізін қалаушылардың бірі Раушан Қашкомбаева әйелдер кәсіпкерлігін дамытуда бизнестің ауқымын кеңейтуге басымдық беру қажеттігін атап өтті.

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының шағын және орта бизнесті дамыту бағытының жетекшісі Мәдина Әліпбай әйелдер кәсіпкерлігінің қала экономикасындағы орнына тоқталды.

– Алматы – еліміздің жетекші экономикалық орталығы. Қалада шағын және орта бизнес экономиканың негізгі қозғаушы күштерінің бірі саналады. Атап айтқанда, ШОБ субъектілері қаланың жалпы өңірлік өнімінің 52,1 пайызын қалыптастырып, жергілікті бюджет кірісіне де елеулі үлес қосып отыр. Сондықтан кәсіпкерлікті дамыту және қаржы ресурстарына қолжетімділікті арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасуда, – деді Мәдина Әліпбай.

«Дөңгелек үстелде» қаржыландыруға қолжетімділік, кәсіби білім мен тәжірибенің жеткіліксіздігі, цифрлық технологияларды енгізу және жаңа нарықтарға шығу мәселелері де талқыланды. Қатысушылардың пікірінше, әйелдер кәсіпкерлігін дамыту үшін қаржылай қолдаумен қатар, білім беру, тәлімгерлік және іскерлік байланыстарды кеңейту тетіктерін жетілдіру маңызды.

Кездесу соңында әйелдер кәсіпкерлігінің дамуына кедергі келтіретін ең өзекті мәселелерді айқындап, әрқайсысына нақты шешім ұсыну туралы келісім жасалды. Ұсыныстар қатысушылардың ортақ қарарына енгізіледі.

Айта кетейік, SHE Community ұйымы қарардың түпкілікті нұсқасын қатысушылардың келісуіне ұсынып, оны қолдаған ұйымдардың атынан Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияға, Қазақстан Республикасының Құрылтайына және саяси партияларға жолдауды жоспарлап отыр. Сонымен қатар, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына қарарды қолдап, бизнес қауымдастық атынан бірлескен ұсыныстар енгізу ұсынылмақ.

Дана САДЫРҚАН.

«АДАЛ АЗАМАТ»

КӨШБАСШЫ ЖАСТАР ЖИЫНЫ

Алматы қаласындағы Оқушылар сарайында «Адал ұрпақ» мектеп клубтары мен «Саналы ұрпақ» студенттік ұйымдары көшбасшыларының қалалық слеті өтті. «Болашақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы» жобасы аясында ұйымдастырылған іс-шараның мақсаты – жастар арасында адалдық пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру.



Іс-шараны Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Ақпараттық ресурстық орталығы» қоғамдық қоры және ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті ұйымдастырды.

Слетке Алматы қаласындағы мектептер, колледждер мен жоғары оқу орындарынан 12 команда қатысып, оқу ортасында әділдік пен парасаттылықты нығайтуға бағытталған шағын жобаларын таныстырды. Ерекшелігі – қатысушылар ұсынған бастамалар алдағы 30 күн ішінде іс жүзінде жүзеге асырылмақ. Жобаларды қоғамдық және мемлекеттік ұйым өкілдерінен, заңгерлер мен құқық қорғау органдарының ардагерлерінен құралған қазылар алқасы бағалады. Онда қатысушылардың бастамалары талқыланып, үздік командалар түрлі номинациялар бойынша марапатталды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті басшысының орынбасары Шынарай Әлімхан өз сөзінде адалдық әр адамның өзінен басталатынын атап өтті.

– Бүгінгі басқосуға «Адалдық – өзімізден басталады» деген ұстанымды қолдайтын жастар жиналды. Адалдық – аға буынның ғана емес, жастардың да бойынан табылуы тиіс қасиет. Адал болу – емтиханда көшірмеу, дайын жұмысты сатып алмау, қандай жағдайда да шындықты айту. Әрбір жас өз біліміне, еңбегіне және адал жолмен жеткен жетістігіне құрметпен қарауы керек. Өйткені, еліміздің болашағын қалыптастырып, қоғамды өзгертетін – осындай саналы әрі адал ұрпақ, – деді ол.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай бастамалар жастардың азаматтық жауапкершілігін арттырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді.

Нұрлан СҮЙІН.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

АЛАТАУ АУДАНЫ

Жұмыс іздесең, жәрмеңкеге кел!



«Almaty Arena» спорт кешенінде бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Оған жұмыс іздеп жүрген тұрғындармен қатар, қаланың түрлі саласында қызмет ететін 20-ға жуық жұмыс беруші ұйымның өкілдері қатысты.

Жәрмеңкенің басты мақсаты – жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар мен жұмыс іздеушілерді бір алаңда кездестіру.

Іс-шараны Алатау ауданы әкімінің аппараты, аудан прокуратурасы және қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бірлесіп ұйымдастырды. Кездесу барысында жұмыс берушілер өз ұйымдарындағы бос лауазымдарды таныстырып, үміткерлермен тікелей сұхбат жүргізді. Ал жұмыс іздеушілер түйіндемелерін ұсынып, өздеріне қолайлы қызмет түрлері мен еңбек шарттары туралы ақпарат алды.

Жәрмеңкенің ерекшелігі – жұмысқа орналасуда түрлі кедергіге тап болатын азаматтарға да мүмкіндіктердің қарастырылуы. Алатау ауданы прокуратурасының бөлім басшысы Марлен Каримовтың айтуынша, мұндай іс-шаралар жұмыссыздықты азайтып қана қоймай, қоғамның әлеуметтік осал топтарына қолдау көрсетуге бағытталған.

– Біздің мақсатымыз – аудан аумағындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету. Ол үшін мемлекеттік мекемелер мен жұмыс берушілерді тартып, жұмыс іздеп жүрген азаматтарға нақты мүмкіндік ұсынуға тырысамыз. Әсіресе, пробациялық есепте тұрған, жазасын өтеп келген, алимент төлеуші және әлеуметтік жағдайына байланысты жұмысқа орналасуы қиын азаматтарға ерекше көңіл бөлінеді. Мұндай жәрмеңкелерді үш айда бір рет ұйымдастырып тұрамыз, – деді Марлен Каримов.

Жиында тұрғындарға жұмыспен қамту бағдарламалары, кәсіби даму және еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар жөнінде де кеңес берілді. Мамандар жұмыс іздеушілерге бос орындарды таңдауға және жұмысқа орналасу тәртібіне қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Аяжан СЕРІККЫЗЫ.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ӘУЕЗОВ АУДАНЫ



Әуезов ауданы әкімінің қолдауымен Алматы көпсалалы колледжінде «Бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі» өтті. Ұйымдастырушылар бұл жолғы жәрмеңкені «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп өткізді.

Жалпы, мұндай қадамның негізгі мақсаты – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының биылғы және өткен жылдардағы түлектерінің жұмысқа орналасуына көмектесу, жұмыс берушілер мен жас мамандар арасында тікелей байланыс орнатып, қаладағы жастар жұмыссыздығын төмендетуге ықпал ету. Сондықтан аталмыш жәрмеңке 5 мыңнан астам жас маманды қамтып, оларға жұмыс тауып беруге мүмкіндігі бар.

Бұл форматтың басты артықшылығы – жұмыс іздеуші мен жұмыс берушінің бір-бірін тікелей табуы. Әдетте, жұмыс іздеу барысында үміткерлер бос жұмыс орындарын интернеттен қарап, түйіндеме жіберіп, жауап күтеді. Ал жәрмеңкеде олар компания өкілдерімен бетпе-бет сөйлесіп, өздерін таныстырып, кәсіби мүмкіндіктерін көрсете алады.

Іс-шара барысында Алматы қаласының әртүрлі салаларында қызмет ететін жұмыс берушілер өздерінің бос жұмыс орындарын ұсынды. Әсіресе, еңбек жолын енді бастаған түлектер үшін мұндай кездесулердің тәжірибелік маңызы зор. Өйткені, жұмыс берушінің талабын тікелей есту арқылы жас маман өзінің кәсіби дайындығын бағалап, алдағы уақытта қандай бағытта дамуы керектігін түсінеді.

Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі тек жұмыс іздеп жүрген жастарға ғана емес, кадр тапшылығын шешуге мүдделі кәсіпорындар үшін де пайдалы. Бұған қоса, ірі, орта және шағын бизнес өкілдері өздеріне қажетті мамандарды іздеп, үміткерлермен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік алды. Әсіресе, техникалық және кәсіптік білім беру бағытында даярланған мамандарды қажет ететін кәсіпорындар үшін колледж түлектері маңызды кадрлық ресурс саналады. Жұмыс беруші жас маманның білімі мен дағдыларын бағалап қана қоймай, оның еңбекке деген ынтасы мен жаңа ортаға бейімделу қабілетін де байқай алады.

Рая ЕСКЕНДІР.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

БІЗДІҢ СҰХБАТ



Күн сайын шаһардың тыныс-тіршілігі өзгеріп, жаңа тұрғын үй мен биік ғимарат көбейіп, көлік қозғалысы мен инфрақұрылымға түсетін салмақ артты. Осындай қарқынды өзгерістер кезеңінде қаланың болашағын қалай жоспарлаған дұрыс? Осы және өзге де өзекті мәселелер төңірегінде архитектор, урбанист Жандос ЖҰМАБАЙМЕН сұхбаттасқан едік.

ШАҺАР ШЫРАЙЫ

Қала болашағын қалай елестетесіз?



– Жандос мырза, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2027 жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялауды ұсынып, «Халықтық құрылыс» бастамасын көтерді. Сіздің ойыңызша, бұл бастама Алматының қала құрылысы саласына қандай өзгерістер әкелуі мүмкін?

– «Халықтық құрылыс» бастамасы Алматының дамуындағы маңызды кезеңге айналуы мүмкін. Бірақ алдымен «құрылыс» ұғымын қалай түсінетінімізді анықтап алу қажет. Қала үшін тұрғын үйдің шаршы метрін көбейту жеткіліксіз. Шаһар – көлік, инженерлік желілер, әлеуметтік инфрақұрылым, қоғамдық кеңістіктер және адамдардың күнделікті өмірі өзара тығыз байланысқан күрделі жүйе. Сондықтан мұндай бастаманың нәтижесін салынған нысандардың санымен емес, өмір сапасының қалай өзгергенімен бағалау керек. Мысалы, жаңа мектеп салынса, оған апаратын қауіпсіз жолдарды, қоғамдық көліктің қолжетімділігін, көгалдандыруды және көршілес кварталдармен байланысын да қатар ойластырған жөн.

Тұрғындардың қатысуы да маңызды. «Халықтық құрылыс» деген атаудың өзі адамдардың дайын нысандарды пайдаланып қана қоймай, өз ауданына шын мәнінде не қажет екенін талқылауының маңызын аңғартады.

Тепе-теңдік сақталуы тиіс

– Қалада тұрғын үймен қатар білім, денсаулық сақтау инфрақұрылымдары және қоғамдық кеңістіктермен қамтамасыз ету маңызды. Құрылыс саясатын қалыптастырғанда осы нысандардың арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады?

– Тұрғын үй құрылысын қалалық инфрақұрылымның дамуынан бөлек қарастыруға болмайды. Әрбір жаңа тұрғын үй кешені жолдарға, инженерлік желілерге, мектептерге, балабақшаларға, емханалар мен қоғамдық кеңістіктерге қосымша салмақ түсіреді. Сондықтан үйлер салынып, тұрғындар қоныстанғаннан кейін мәселені шешуге тырысқанша, құрылыс туралы шешім қабылдамай тұрып аумақтың мүмкіндігін бағалау қажет. Бүгінде жекелеген тұрғын үй кешендерін жобалаудан аудандарды кешенді жоспарлауға көшуіміз керек. Бұл аумақта қанша адам тұратынын, қандай әлеуметтік нысандар бар екенін, олардың қаншалықты жүктелгенін және алдағы жылдары тағы не салу қажет болатынын алдын ала білу маңызды. Нысандардың санына ғана емес, олардың шын мәнінде қаншалықты қолжетімді екеніне де назар аудару керек. Мысалы, мектеп немесе емхана жақын орналасуы мүмкін, бірақ көлік кептелісі, қауіпсіз өткелдердің болмауы не қоғамдық көліктің қолайсыздығы салдарынан оған жету қиынға соғады.

– Жаңа құрылыс жобаларын жоспарлау кезінде сәулетшілер мен урбанистердің пікірі қаншалықты ескеріледі?

міндеті – қаланы біртұтас жүйе ретінде қарастырып, әр шешімнің қаланың дамуына және тұрғындардың күнделікті өміріне қалай әсер ететінін түсіну. Мәселен, жаңа ғимаратты жобалағанда оның сәулеті мен экономикалық тиімділігін ғана емес, көршілес кварталдарға, көлікке, инженерлік инфрақұрылымға, тарихи орта мен қоғамдық кеңістіктерге ықпалын да бағалау қажет. Сондықтан сәулетшілер, урбанистер және басқа сала мамандары жобалау тапсырмасы жасалатын кезеңнен бастап жұмысқа қатысуы тиіс. Ол үшін қолданбалы урбанистиканы дамыту керек. Яғни зерттеу нәтижелері нақты жобалық шешімдердің негізіне айналуы қажет. Қалаға аумақтардың тарихы, сәулеті, әлеуметтік құрылымы және тұрғындардың қажеттіліктері туралы үнемі толықтырылып отыратын білім қоры керек. Мұндай зерттеудің негізі болмаса, бұрын жиналған тәжірибені ескермей, жобалауды әр жолы қайта бастау қаупі бар.

Қала тұрғындарының өздерінің қатысуы да ерекше маңызды. Біздің тәжірибеміз адамдардың ұсыныс айтумен ғана шектелмей, өз ортасын өзгертуге тікелей атсалысуға дайын екенін көрсетеді. Адам-инсталляциялар, мозаикалар және қала келбетінің бір бөлігіне айналатын басқа да нысандар жатады.

Бірегей сәулет үлгісі

– Қалада бір-біріне ұқсас тұрғын үй кешені мен биік ғимарат көбейіп келеді. Бұл үрдіс Алматының сәулеттік бірегейлігіне қалай әсер етеді? Қаланың өзіндік, танымал сәулеттік келбетін қалыптастыру үшін қандай қағидалар қажет?

– Алматыға барлық ғимарат пен аудандарды бір-біріне ұқсататын бірыңғай сәулет стилі қажет емес. Керісінше, қаламыздың ерекшелігі – әр кезеңнің сәулетінде және жекелеген аумақтардың өзіндік сипатында. Сәулеттік бірегейлік туралы айтқанда, оның қаланың мәдени кодына сүйеніп қалыптасатынын түсіну маңызды. Алматыны басқа қалалардан даралап, танымал ететін де – осылар. Осы бірегейлікті сақтап, дамыту үшін дизайн-код қажет. Біздің түсінігімізде ол қасбеттерді, маңдайшаларды немесе қоғамдық кеңістіктерді безендіру ережелері ғана емес, аумақтың мәдени және сәулеттік ерекшеліктерін зерттеуге негізделген қағидалар жүйесі. Дизайн-код сол ерекшеліктерді заманауи жобалық шешімдерге айналдыруға көмектеседі.

Тарихи мұрамен жұмыс істегенде оның түпнұсқалығын сақтау маңызды. Ескі ғимараттың немесе мүсіннің құндылығы сыртқы көрінісінде ғана емес, бастапқы материалдарында, авторлық еңбекте және бөлшектерінде де жатыр. Вернакулярлық аудандарға да ерекше назар аудару керек. Бұлар – халық арасында қалыптасқан өз атауы, сәулеттік ерекшелігі, тарихы мен дәстүрі бар аумақтар. Осындай зерттеулер әр ауданның өз келбетін сақтауға көмектесетін жергілікті дизайн-кодтарды әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл сәулетте, бағыт-бағдар жүйесінде, аялдамаларды безендіруде, қоғамдық кеңістіктерде, тіпті жергілікті мекемелердің атауларында да көрініс табуы мүмкін. Мұнда паблик-арттың да рөлі зор. Бір-бірін қайталайтын муралдар мен үлгілік мүсіндердің орнына нақты орынның тарихына, сол жермен байланысты адамдар мен оқиғаларға арналған туындылар жасауға болады. Мәселен, Алматы көшелеріне есімі берілген тұлғалар туралы өнер арқылы әңгімелеуге болады. Демек, дизайн-кодтың міндеті – қаланы біркелкі ету емес, оның алуантүрлілігін сақтап, дамыту.

Қауіпсіздік қашанда маңызды

– Қазіргі құрылыс тәжірибесінде сейсмикалық қауіпсіздік пен сәулеттік шешімдер арасындағы тепе-теңдік қаншалықты қамтамасыз етілген?

– Шаһар үшін сейсмикалық қауіпсіздік басты басымдықтардың бірі болып қалуы тиіс. Оны жердің геологиялық жағдайын зерттеу мен учаскені таңдаудан бастап, жобалау, құрылыс жүргізу және ғимаратты пайдалану кезеңдерінің бәрінде ескеру қажет. Мен сәулеттік көркемдік пен қауіпсіздікті бір-біріне қарсы қоймас едім. Сәулетшілер, конструкторлар мен инженерлер жұмыстың басынан бастап бірлесе әрекет етуі керек. Ал нақты ғимараттың қауіпсіздігі туралы қорытындыны тек тиісті сала мамандары тексеру мен есептеулер негізінде жасай алады. Қауіпсіздік ғимараттың беріктігінен бұрын, ашық әрі қолжетімді алаңдарды сақтау, төтенше жағдай қызметтеріне арналған жолдарды бос ұстау, эвакуация бағыттарының түсінікті болуы және инженерлік желілердің тұрақты жұмыс істеуі маңызды. Құрылыстың тығыздығын төтенше жағдай кезіндегі әрекеттер тұрғысынан да бағалау қажет. Қолданыстағы ғимараттар қорын жүйелі түрде тексеру, инженерлік деректер негізінде нормативтерді жаңартып отыру және практикалық оқу-жаттығулар өткізу керек.

– Жасанды интеллект пен жаңа технологиялар сәулет саласына да біртіндеп еніп келеді. Болашақта цифрлық технологиялар Алматыдағы құрылысты жоспарлау мен қаланың дамуын басқаруда қандай рөл атқара алады?

– Цифрлық технологиялар құрылыс, инфрақұрылым, көлік, көгалдандыру, аумақтардың тарихы және адамдардың күнделікті жүретін бағыттары туралы деректерді жинап, салыстыруға мүмкіндік береді. Мысалы, сауалнамада тұрғындар өздеріне дәмханалар жетіспейтінін айтуы мүмкін. Бірақ бұл міндетті түрде тамақтанатын орынға сұраныс бар деген сөз емес, бәлкім, оларға кездесіп, араласатын кеңістік керек шығар. Жауапты тура мағынасында қабылдасақ, шын мәнінде қажетсіз нысанды салып қоюымыз мүмкін. Сондықтан цифрлық құралдар тірі зерттеулерді, бақылауды және жергілікті мәдени контексті түсінетін әлеуметтанушылардың, сәулетшілердің және басқа мамандардың жұмысын алмастыра алмайды.

Біз қазір Urban Code Map жобасын – қалалық зерттеулердің цифрлық картасын дамытып жатырмыз. Онда сәулет нысандары, қалалық ортаның ерекшеліктері және бақылау нәтижелері туралы мәліметтерді сақтауға болады. Болашақта мұндай құралдар дизайн-кодтарды цифрлық форматта сүйемелдеуге негіз бола алады.

– Әңгімелескеніңіз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан
Дана САДЫРҚАН.

МӘСЛИХАТ САЙЛАУЫ – 2026





БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

«Әділет» партиясының кандидаттары №180 мектеп ұжымымен кездесті

Алматыда сайлауалды үгіт-насихат науқаны аясында «Әділет» партиясының сайлауалды штабының өкілдері №180 жалпы білім беретін мектептің педагогикалық ұжымымен кездесті. Жиында білім беру сапасын арттыру, мектеп инфрақұрылымын жаңғырту және оқушылардың ғылыми әлеуетін дамыту мәселелері талқыланды.

Кездесуге «Әділет» партиясынан Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына кандидаттар, Алатау аудандық сайлауалды штабының мүшелері және мектептің педагогикалық ұжымы қатысты.

Педагогтерге партияның 2026–2031 жылдарға арналған Алматы қаласы бойынша сайлауалды бағдарламасының білім беру саласына қатысты негізгі бағыттары таныстырылды. Атап айтқанда, 2031 жылға дейін кемінде 25 мың жаңа оқушы орнын ашу, мектептерді жаңғырту және олардың материалдық-техникалық базасын нығайту міндеттері қарастырылғаны айтылды.

Сонымен қатар, білім беру үдерісіне жасанды интеллект технологияларын енгізу, оқушылардың ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу мүмкіндіктерін кеңейту және педагогтердің кәсіби дамуына қолайлы жағдай жасау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

«Әділет» партиясынан Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына кандидат Әкежан Кеңесов білім беру сапасын арттыру мен оқушыларға жаңа мүмкіндіктер қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды.

«Қаланың болашағы бүгінгі ұрпақтың сапалы білім алуына тікелей байланысты. Сайлауалды бағдарламамызда жаңа оқушы орындарын ашу, мектеп инфрақұрылымын жаңғырту және білім беру үдерісіне заманауи технологияларды енгізу көзделген. Сонымен қатар, оқушылардың ғылыми жобаларға қатысуына, жасанды интеллект технологияларын меңгеруіне және өз қабілеттерін дамытуына жағдай жасау маңызды. Бұл бағытта педагогтердің кәсіби дамуына қолдау көрсету де ерекше мәнге ие», – деді Әкежан Кеңесов.

Алматы қаласы мәслихаты депутаттарының сайлауында партиялық тізімді ұсынған «Әділет» партиясы» ҚБ сайлау қорының қаражатынан төленді. Тапсырыс беруші: С.В.Канкуров.



ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

Түрлі пішіндегі тоқаштар

Бір қарағанда, нан пісіру оңай көрінуі мүмкін. Алайда, оның артында бірнеше кезеңнен тұратын күрделі жұмыс, дәлдік пен тәжірибе жатыр. Мұны Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде өткен шеберлік сабағына қатысқан мектеп оқушылары өз көзімен көрді.

Алмалы ауданы мектептерінің 8-9-сынып оқушылары жиналған, «Экологиялық наубайхана: нанды қадірлеу – табиғатты аялау» тақырыбында өткен кездесуде балалар оқу наубайханасын аралап, нан өнімдерін дайындауға арналған жабдықтармен танысты. «Наубайхана ісі» құзыреттілік орталығында мамандар қамыр илеуден бастап, дайын өнімді пісіруге дейінгі жұмыстарды көрсетті. Әр кезеңнің өзіндік тәртібі мен технологиясы бар екенін түсіндірді.

Колледж директоры Айнұр Мұқажанова нан пісіру саласында дәстүр мен заманауи технологияны қатар дамыту маңызды екенін атап өтті. Оның сөзінше, Еуропадағы тағылымдамадан оралған оқытушылар табиғи ұйытқымен дайындалатын нан түрлеріне ерекше назар аударып жүр.

– Швейцария, Германия және Франциядағы тағылымдамадан кейін оқытушыларымыз ашытқысыз, табиғи ұйытқымен дайындалатын нанға басымдық беруді ұйғарды. Бұл – пайдалы өнім әрі өзіміздің байырғы дәстүріміз. Оны қайта жаңғырту маңызды, – деді Айнұр Мұқажанова.

Кездесуге арнайы шақырылған сала мамандары да оқушылармен тәжірибе бөлісті. «Лейму Казахстан» ЖШС нан пісіру технологы Татьяна Емельянова қамырмен жұмыс істеудің тәсілдерін көрсетсе, «Фудтехника» ЖШС-нің технолог-кеңесшісі Насима Қалиева наубайхана өндірісінің ерекшеліктері туралы әңгімеледі.

Іс-шара барысында оқушылардың өздері де қамырдан түрлі пішіндегі өнімдер жасап көрді. Олар нанның бірнеше түрін, табиғи ұйытқының ерекшелігін танып, дайын өнімдер көрмесін тамашалады. Онда колледж студенттері әзірлеген бауырсақ, бриошь пен тоқаштар ұсынылды.

Сонымен қатар, балалар экологиялық квестке қатысып, тағам қалдығын азайту, шикізатты үнемдеу және нанды ысырап етпеу жөніндегі тапсырмаларды орындады. Иә, наубайханадағы экологиялық мәдениет тек өнімнің сапасымен шектелмейді. Ол ұннан бастап, дайын нанға дейінгі әрбір ресурсты ұқыпты пайдалануда басталады.

Жалпы, іс-шараға 263 оқушы қатысты. Біркүндік кездесу олар үшін жаңа мамандықпен танысудың ғана емес, күнделікті тұтынатын нанның қалай дайындалатынын түсінудің де мүмкіндігіне айналды. Ең бастысы, балалар дастарханға қойылған әрбір бөлке нанның артында үлкен еңбек пен жауапкершілік тұрғанын түйсінді.

Аяжан СЕРІККЫЗЫ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ»

Рухани байлыққа бастайтын жол

Алматы қаласында «Оқитын ұлт» республикалық марафоны рухани басқосулардың жаршысына айналып келеді. Игі бастама аясында, Алматы сән және қызмет көрсету саласы колледжінің акт залында қазақ прозасының көрнекті өкілі, жазушы, журналист-аудармашы Шәрбану Бейсенованың «Бір махаббат баяны» атты шығармасына арналған әдеби талдау және талқылау іс-шарасы ұйымдастырылды.

Іс-шараның басты мақсаты – жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, көркем әдебиет арқылы олардың рухани дүниесін байыту, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру және қазақ әдебиетінің көрнекті туындыларын кеңінен насихаттау.

Кездесу барысында қатысушылар жазушының «Бір махаббат баяны» шығармасының мазмұнына терең үңіліп, туындының негізгі идеясы мен көтерген мәселелерін талқылады. Шығармадағы адамгершілік, адалдық, сезім тазалығы, махаббат пен өмірлік құндылықтар туралы ойлар ортаға салынды.

Әдеби талқылау барысында студенттер шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне талдау жасап, өз көзқарастарын білдірді. Кейіпкерлердің тағдыры мен өмірлік таңдаулары төңірегінде ой қозғап, туындыдан алған әсерлерімен бөлісті. Мұндай пікір алмасулар жастардың әдеби талғамын қалыптастырып қана қоймай, олардың ойлау, сараптау және өз ойын еркін жеткізу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Терең танымға жетелейтін әдеби іс-шараны Алматы сән және қызмет көрсету саласы колледжінің кітапханашылары Сәуле Илиясқызы мен Айнұр Дәулеткелдина Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері Сейсенбаев Санжар және Ахмадиев Айдынмен бірлесе отырып ұйымдастырды. Кітапхана қызметкерлерінің бірлескен жұмысы нәтижесінде студенттер үшін әдебиетті тереңірек танып, көркем шығарманың тәрбиелік мәнін түсінуге мүмкіндік беретін мазмұнды кездесу өтті.

«Оқитын ұлт» республикалық марафоны аясында ұйымдастырылған бұл іс-шара студенттердің кітапқа деген сүйіспеншілігін арттырып, оқырмандық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам болды. Өйткені, кітап оқитын ұрпақ – ойлы ұрпақ, ал рухани бай ұлттың болашағы әрдайым жарқын.



Сәуле ЖАНДАР,
Алматы сән және қызмет көрсету саласы колледжі.

КӨРМЕ

ЕСТЕЛІКТЕР ЕСКІРМЕЙДІ

«Естелік. Уақыт. Болашақ». Осындай тақырыппен Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейінде ҚР Суретшілер одағының есептік көрмесі ашылды. Оған еліміздің барлық өңірінің суретшілері қатысты.







Экспозицияға кескіндеме, графика, мүсін және сәндік-қолданбалы өнер салаларын қамтитын көркем шығармашылықтың барлық түрі мен жанры бойынша 260 туынды қойылып, мониторлар арқылы да көрсетілді.

Көрмені музей директоры Гүләйім Жұмабекова құттықтау сөз сөйлеп ашты. Ал ҚР Суретшілер одағының Басқарма төрағасы Өмірбек Жұбаниязов үздік суретшілерді марапаттады.

– Суретшілер одағы мүшелерінің республикалық есептік көрмесі жыл сайын өтеді. Биылғы көрме «Естелік. Уақыт. Болашақ» тақырыбымен ұсынылды. Туындыларды Суретшілер одағының хатшылығы тағайындайтын, тәжірибелі әрі беделді суретшілер мен өнертанушылардан жасақталған комиссия іріктеді. Комиссия құрамы әр жолы жаңартылып отырады. Іріктеудің негізгі өлшемдері – шығармалардың жоғары көркемдік деңгейі, жаңашыл пластикалық шешімдері мен тақырыптық өзектілігі, – дейді ҚР Суретшілер одағының Басқарма төрағасы Өмірбек Жұбаниязов.

Жалпы, Қазақстанның ұлттық бейнелеу өнері мектебінің қалыптасқанына 90 жылдан астам уақыт өтті. Ол елдегі алғашқы шығармашылық бірлестік – Қазақстан Суретшілер одағы аясында қалыптасты. Айта кетсек, Қазақстан суретшілері ұйымдастыру комитеті 1933 жылы тіркелген.

Ұлттық көркемөнер мектебінің өзіндік ерекшелігі – ұлттық мәдени кодқа сүйене отырып, әлемдік көркемдік тәжірибенің түрлі жетістігін табиғи түрде игеріп, шығармашылық тұрғыдан түрлендіретін синкреттік даму үдерісі. Бұл үрдістер аталған экспозицияда да көрініс тапқан. Алайда, бүгінгі заманның көркемдік көзқарасы тұрғысынан жаңаша пайымдалады.

Көрме тақырыбы суретшілерге XXI ғасыр тұрғысынан тарихи жадының бүгінгі қоғамдағы өзектілігі, уақыттың көркемдік бейнелеу тәсілдеріне тигізетін ықпалы, қазіргі әлемде суретші тұлға әрі зерттеуші ретінде назар аударатын құбылыстар туралы авторлық толғаныстарын көркемдік-пластикалық және образдық формада ұсынуға мүмкіндік береді. Өз туындыларын көрермен назарына ұсына отырып, суретшілер оларды да осы мәселелер төңірегінде ойлануға шақырады.

Көрме желтоқсанның 9-ына дейін жалғасады.

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



САХНА



МАХАББАТТЫҢ МЕКЕНІ

Алматыға Талдықорғаннан Б.Римова атындағы академиялық драма театры гастрольдік сапармен келді. Өнер ұжымы мегаполистегі Б.Омаров атындағы «Жас сахна» театрында көрермен назарына «Махаббат ол...» концерт-спектаклінің премьерасын ұсынды.

«Махаббат ол...» – жәй ғана концерт немесе дәстүрлі драмалық спектакль емес. Бұл – ән мен театр өнері үндескен өзгеше сахналық туынды. Оның бас кейіпкері де, негізгі өзегі де – махаббат. Алайда, мұнда махаббат тек ғашықтардың арасындағы сезіммен шектелмейді. Достыққа адалдық, отбасыға деген биік құрмет, ата мен немере арасындағы шексіз мейірім, сағыныш пен айырылысу, жақын адамды жоғалту, қамқорлық, түсіністік және адамгершілік, тіпті айтылмай қалған сөздер мен орындалмаған армандар көрініс табады.

Қойылымның негізгі идеясы – махаббатты әр адамның өзінше түсінетінін көрсету. Яғни біреу үшін махаббат – сағыныш, біреу үшін – адалдық, енді біреу үшін – қамқорлық пен жауапкершілік.

«Бұл спектакльдің ең қызықты тұсы – ол дайын драмалық шығарма емес, актерлердің өз өмірінен алынған шынайы оқиғалардың жиынтығы. Яғни біз, әрқайсысымыз өз ішімізде жүрген ой, арман, мақсатымызды, сезімімізді, жанымызды мазалап жүрген мұң, нала, өкпемізді, жауабын таба алмай жүрген сұрақтарымызды да қағазға түсірдік. Бұл музыкалық спектакльден әркім өзінің басынан өткен немесе жақынының оқиғасын көруі мүмкін. Себебі, бәрі күнделікті өмірден, бәріміздің тыныс-тіршілігімізден алынған шынайы көріністер», – дейді Б.Римова атындағы академиялық драма театрының жас актері Мейіржан Нұров.

Қойылымда актерлердің монологтары, ән мен музыкалық шығармалар, хореографиялық қойылымдар, театрландырылған көріністер өзара үйлесім тауып, әрқайсысындағы оқиғалар бірінен кейін бірін іліп әкетіп, махаббатты әр қырын ашады.

«Махаббат ол...» спектакль-концертінде «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Жасұлан Көпберген, сондай-ақ Шәміл Айтмұхан, Айзада Байғабыл, Аслан Бектенов, Наргиз Айшуақова, Мейіржан Нұров, Арнат Қазыкен, Салтанат Жақанша, Толғанай Істілеуова, Дарын Нұрсадық, Батыржан Медет, Мадина Сағымбай, Аслан Жапарқұлов, Алмас Мұратұлы сынды артистер өнер көрсетті.

«Меніңше, бұл қойылымның басты құндылығы – махаббат ұғымының кеңірек ашылуында. Өйткені, адам өмірінде махаббат тек сүйікті адамыңа деген сезіммен шектелмейді. Ол – ата-ананың балаға деген мейірімі, достың адалдығы, отбасының ынтымағы, жақындарыңды бағалау, олардың қадірін түсіну. Спектакль көрерменге дайын жауап бермейді. Керісінше, әр адамды өз өміріне, өткеніне, жақындарының ішкі дүниесіне үңілуге шақырады», – дейді студент-көрермен Айсұлу Керімбек.

Сезім мен сырға толы қойылымның шығармашылық тобында бірнеше адамның еңбегі жатыр. Яғни идея авторы – Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі Ерлік Жуасбек, режиссер – Бәзіл Сұлтанғазы, композитор – Сұлтан Тұрсынбеков, хореограф – Айжан Құнанбаева.

Иә, махаббаттың мекені – жүрек. Ал оның сахнадағы тағы бір көрінісі – «Махаббат ол...».

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

О.АЙТАНҰЛЫ – 95



В.Г.Белинскийдің «Егер сені ой билесе – айтар сөзің айқын, егер сен ойды билесең – айтар сөзің одан да айқын» деген тұжырымы бар. Шын мәнінде, ойдың тереңдігі мен сөздің қарапайымдылығы – үлкен суреткерге тән қасиет. Күрделі құбылысты күрделендірмей жеткізу, бір ғана бейненің бойына тұтас бір дәуірдің тынысын, адам жанының арпалысын, уақыттың үнін сыйғызу – нағыз поэзияның құдіреті.

Қазақ поэзиясында осындай өзгеше көркемдік әлем қалыптастырған қаламгерлердің бірі – Омарғазы Айтанұлы. Ол – XX ғасырдағы қазақ өлеңінің көркемдік мүмкіндіктерін кеңейткен жаңашыл ақын.

ОЙ МЕН РУХТЫҢ ӨЛЕҢДЕГІ ТОҒЫСЫ

Оның шығармашылығы ұлттық танымның терең тамырынан нәр алып, әлемдік әдебиеттің озық үлгілерімен үндескен ерекше құбылыс. Омарғазы өлеңдерін оқығанда ең алдымен көзге түсетіні – тосын бейнелер, еркін ой ағысы, жұмбаққа толы көріністер. Бірақ сол бейнелердің ар жағында адам мен табиғат, уақыт пен кеңістік, тарих пен тағдыр туралы терең толғаныс жатады. Ақын оқырманға дайын жауап ұсынбайды. Керісінше, оны ойлануға, ізденуге, әр сөздің астарына үңілуге шақырады. Сондықтан Омарғазы поэзиясы – бір оқығанда толық ашыла қоймайтын, әр қайтара оралған сайын жаңа сырын танытатын рухани әлем.

Өмірдің өрнегі, тағдырдың табы

Омарғазы Айтанұлы 1931 жылы 20 қарашада қазіргі Қытайдағы Тарбағатай жерінде Майлы тауының баурайында дүниеге келген. Балалық шағы білім мен парасатты, рухани құндылық пен адамгершілікті жоғары бағалаған ортада өтті. Үлкен әкесі Бозтал қажы ел ішінде беделді, сыйлы адам болған. Бозталдан тараған Сейтен өз ауылында мектеп ашып, бала оқытқан ағартушы тұлға еді. Ақын Омарғазы осы мектептен білім алып, кейін өзі де ұстаздық жолға қадам басып, «Бала мұғалім» атанады.

Білімге деген құштарлық, кітапқа деген ерекше ықылас болашақ ақынның дүниетанымын ерте қалыптастырды. Оның жеке кітапханасының бай болуы тегін емес. Мұнда Шығыс пен Батыс ойшылдарының еңбектері, әлем әдебиетінің классикалық шығармалары, қазақ қаламгерлерінің туындылары жинақталған еді. Осындай рухани орта Омарғазының әдеби танымын кеңейтіп, көркемдік ізденісіне жол ашты.

1957 жылы Үрімжідегі Шыңжаң университетінің Тарих-география факультетін тамамдаған соң, «Шұғыла» әдеби журналына қызметке орналасады. Осы кезеңде оның жаңаша өрнектегі өлеңдері мен дастандары мерзімді басылымдарда жарық көріп, әдеби ортаға таныла бастайды. Әсіресе, «Менің шығысым», «Найзағай», «Табиғат философиясы» секілді шығармалары ақынның өзгеше ойлау жүйесін танытып, Алматыдағы қаламгерлер қауымының да назарын аударады. Мұзафар Әлімбаевтың естеліктерінде де ақын шығармашылығына қатысты жылы пікірлер кездеседі.

Алайда, ақынның шығармашылық жолын саясаттың суық қолы үзіп жібереді. 1959 жылы «солшыл», «бай тұқымы» деген айыптармен тұтқындалып, еңбек лагеріне айдалады. Жиырма жылға жуық уақытқа созылған қуғын-сүргін оның өміріндегі ең ауыр кезеңдер еді. Тек 1979 жылы ғана бостандыққа шығып, ақталады. Бұл жылдар ақынның тағдырын ғана емес, шығармашылық мүмкіндігін де шектеді. Бірақ рухани еркіндігін жоғалтпаған Омарғазы әдебиетке қайта оралып, бұрынғыдан да терең, философиялық мазмұны бай туындылар жаза бастады. Оның шығармашылық болмысындағы қайсарлық пен рухани төзім осы тұста айқын көрінді.

Ақыннан қалған мұраның ауқымы да кең. Поэзия, проза, драматургия, әдеби сын мен зерттеуді қамтитын он томдық шығармашылық қазынасы – соның айғағы. «Құс жолы», «Түйе», «Тырналар», «Сәукеле» жыр жинақтары, «Аң шадырын оқ табар», «Таразы» романдары, «Екі теке қашан сүзісер» әңгімелер жинағы мен «Ақ мысық» пьесалар кітабы оның жан-жақты қаламгер екенін танытады. Омарғазы Айтанұлы 1997 жылы 26 мамырда Үрімжі қаласында дүниеден өтті.

Біртұтас шығармашылық әлем

О.Айтанұлының шығармашылық жолын шартты түрде үш кезеңге бөліп тануға болады. Айталық, 1952–1959 жылдарды оның ізденіс және көркемдік қолтаңбаның қалыптасуы, яғни өз үнін іздеген кезең дер едік. Екінші кезең – шығармашылық кемелдену және поэтикалық ойдың тереңдеуі (1959–1987). Бұл кезең ақын өміріндегі ең ауыр сынақтармен тұспа-тұс келеді. Қуғын-сүргін мен ұзақ жылдарға созылған қамау оның тағдырына өшпес із қалдырғанымен, рухани әлемін тұншықтыра алмады.

Ал үшінші кезеңі болса, рухани түлеу және поэтикалық кемелдік кезеңі (1987–1997). Ақын шығармашылығының соңғы он жылы – оның көркемдік және рухани тұрғыдан кемелденген кезеңі. Омарғазының өзі де бұл уақытты «рухани түлеу дәуірі» деп бағалаған. Бұрынғы шығармашылық тәжірибесі жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, еркін өлеңнің мүмкіндіктері терең игеріле бастайды. Бұл кезеңдегі шығармаларға аз сөзге көп мағына сыйғызу, бейнелік ойды философиялық тереңдікпен ұштастыру тән. Өлеңнің сыртқы құрылымынан гөрі ішкі қозғалысы, ой ағысы мен мағыналық тұтастығы алдыңғы орынға шығады.

Дәстүрлі поэзия шеңберінен шығуға деген ұмтылыс алғашқы шығармашылық кезеңдерінен-ақ байқалады. Қазақ өлеңінің ұлттық табиғатын сақтай отырып, мазмұндық, формалық мүмкіндіктерін кеңейтуге талпынады. Еркін өлең үлгісіне ден қоюы да осы ізденістің нәтижесі еді. «Шығыс романтикасы» өлеңінде ақын көне өркениеттер мен тарихи кеңістікті, адамзаттың рухани жадын бір арнаға тоғыстырған. Ал «Қара өлең» шығармасы ақынның ұлттық тамырға деген құрметін айқын көрсетеді:

Ежелгі аңқау, момын қара өлеңім,
Томсарып тамыршыдай табар емін.
Ыстығым аса қалса жалбызға орап,
Тигізген тынысыма жылы демін.

Осы өлең арқылы Омарғазының шығармашылық ұстанымы да танылады. Жаңашылдық дегеніміз – ұлттық дәстүрден қол үзу емес. Керісінше, сол дәстүрдің тереңіне бойлап, оның бойындағы көркемдік қуатты жаңа заманның тілімен сөйлету. Ақынның алғашқы кезеңдегі ізденістері кейінгі шығармашылық биіктеріне негіз болды.

Омарғазының поэтикалық даралығы туралы сөз қозғағанда, оның стиль жөніндегі көзқарасын да ескерген жөн. Ақын стильді «эстетикалық ойлау жүйесі» деп бағалайды. Бұл – оның шығармашылық табиғатын түсіндіретін маңызды тұжырым. Поэзиясында фантастика, романтика, діни таным, табиғат пен жан-жануарлар әлемі біртұтас көркемдік кеңістікке бірігеді. Тосын теңеулер мен риторикалық сұрақтар, астарлы бейнелер оның өлеңдеріне ерекше сипат береді.

Ақынның шығармашылығы оқырманды ойландырмай қоймайтын, бірден ашыла салмайтын жұмбақ әлем. Қосар ат, ағаш мұнара, қара бұлт, құстар мен табиғат көріністері – бәрі де ақынның көркемдік танымында терең мағыналық сипатқа ие болады.

Омарғазыны оқыту – ойға жол ашу

Омарғазы Айтанұлының шығармашылығын оқырманнан тарихи білімді, ұлттық дүниетанымды, көркемдік талғамды және дербес ойлауды талап етеді. Сондықтан ақын мұрасын насихаттауда бірнеше әдістемелік бағытты өзара сабақтастыра қолданған жөн. Ең алдымен, тарихи-әдеби талдаудың маңызы зор. Ақын өмір сүрген кезеңдегі қоғамдық-саяси жағдайды, қуғын-сүргіннің шығармашылық тағдырына әсерін түсіндіру арқылы оқушылар оның өлеңдерінің астарындағы өмір шындығын тереңірек тани алады.

Екінші бағыт – ұлттық дүниетаным мен этнопоэтикалық талдау. «Қара өлең», «Қосар ат», «Түйе» секілді шығармаларда ұлттық ұғымдар мен дәстүрлі мәдени белгілерді саралау арқылы оқушылар қазақ халқының рухани әлеміне жақындай түседі.

Үшіншіден, поэтикалық және формалық талдау әдістерін қолдану маңызды. Ақынның еркін өлең үлгісі, ырғақтық жүйесі, бейнелеу құралдары мен композициялық ерекшеліктерін дәстүрлі өлең үлгілерімен салыстыра оқыту оқушылардың әдеби-теориялық білімін тереңдетеді.

Төртінші бағыт – философиялық-эстетикалық талдау. Омарғазы өлеңдеріндегі адам, табиғат, уақыт, кеңістік, тағдыр, рухани еркіндік мәселелерін талқылау оқушыны дайын пікірді қабылдаудан гөрі, өзіндік көзқарас қалыптастыруға жетелейді.

Бұған қоса, ақын шығармашылығын диаспоралық әдебиеттану және постколониялық зерттеу тұрғысынан қарастырудың да мәні бар. Қытайдағы қазақ әдебиетінің даму тарихы, ұлттық тіл мен мәдениетті сақтау мәселесі, туған жер мен тарихи жад тақырыптары осы бағытта тереңірек танытылады.

Ең бастысы, Омарғазы поэзиясын оқытуда оқушыға дайын жауап беруден гөрі, оның өз бетінше сұрақ қоя білуіне жағдай жасау қажет. Себебі, бұл өлеңдердің құдіреті – бір ғана мағынамен шектелмейтіндігінде. Әр оқырман өз танымына қарай жаңа сыр табады. Демек, ақын мұрасын оқыту – тек әдеби білім беру емес, жас ұрпақты терең ойлауға, көркем дүниені сезінуге, рухани ізденіске тәрбиелеу.

Ертеңгінің ізденісі

Омарғазы Айтанұлы – қазақ поэзиясының көркемдік көкжиегін кеңейтіп, ұлттық әдебиетті жаңа эстетикалық кеңістікке көтеруге үлес қосқан біregей суреткер. Оның шығармашылығы дәстүр мен жаңашылдықтың, ұлттық дүниетаным мен әлемдік көркемдік ізденістің табиғи сабақтастығынан туған.

Ақынның шығармашылығы оқырманды ойландырмай қоймайтын, бірден ашыла салмайтын жұмбақ әлем. Қосар ат, ағаш мұнара, қара бұлт, құстар мен табиғат көріністері – бәрі де ақынның көркемдік танымында терең мағыналық сипатқа ие болады. Сырт көзге қарапайым көрінетін осындай бейнелердің астарында тарихтың табы, адамзаттың мұңы, уақыттың тынысы мен рухтың үні жатыр.

Омарғазы шығармашылығының тағы бір құндылығы – қандай қиындықты бастан өткерсе де, рухани еркіндігін сақтай білгенінде.Оның өмір жолы – тағдырдың тауқыметіне мойымаған ақындық рухтың үлгісі. Ал өлеңдері – сол рухтың көркемдік шежіресі. Сондықтан Омарғазы Айтанұлының мұрасын зерттеу мен оқыту тек әдебиеттану немесе білім беру міндетімен шектелмеуі керек. Бұл – ұлттық әдебиеттің тарихи жадын жаңғырту, қазақ поэзиясының көркемдік мүмкіндіктерін таныту, жас ұрпақтың эстетикалық дүниетанымын қалыптастыру жолындағы маңызды рухани жұмыс.

Омарғазы әлемі әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Оның өлеңдері уақыт өткен сайын құндылығын жоғалтпай, керісінше, жаңа оқырманға жаңа ой сыйлай береді. Өйткені, шынайы поэзияның ғұмыры ақынның өмірімен өлшенбейді. Ол – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын рухани құндылық. Омарғазының өлең әлемі де дәл сондай. Ол – өткеннің естелігі ғана емес, бүгіннің ойы, ертеңнің рухани ізденісіне жол ашатын мәңгілік мұра.

Гүлманат ӘУЕЛХАН,
ақын.



Зорлық-зомбылықпен күрес күшейтіледі

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, әйелдер мен балалардың құқығын қорғау және қиын жағдайға тап болғандарға қолдау көрсету – Алматыда қолға алынған маңызды бағыттардың бірі. Қалада құқық бұзушылықтың жолын кесумен қатар, зардап шеккендерге психологиялық, құқықтық және әлеуметтік көмек көрсету, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары жалғасып жатыр.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қаласы Полиция департаментінің отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімінің бастығы Жадыра Қаңтарбаева және «Жан-Сая» дағдарыс орталығының директоры Гүлшара Сапарова мәлімдеді.





Алматы полициясының мәліметінше, биыл қазан айының қорытындысы бойынша отбасылық-тұрмыстық қатынас саласындағы құқық бұзушылық саны 11,9 пайыз азайып, 193-тен 170-ке дейін төмендеген. Ал жыл басынан бері 7551 адамға қатысты профилактикалық шаралар қолданылған.

Сонымен қатар, қорғау нұсқамасын бұзғаны үшін 326 адам, сот белгілеген шектеулерді сақтамағаны үшін тағы 300 адам жауапқа тартылған. Отбасылық-тұрмыстық қатынас саласындағы құқыққа қайшы әрекеттері үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабы бойынша 4885 адам жауапкершілікке тартылыпты. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі 3815 көрсеткіштен жоғары.

«Біздің негізгі міндетіміз – отбасылық жанжалды дер кезінде анықтап, оның зорлық-зомбылыққа ұласуына жол бермеу. Құқық бұзушыны жауапкершілікке тартумен жұмыс аяқталмайды. Қайталанудың алдын алып, зардап шеккендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды», – деді Жадыра Қаңтарбаева.

Құқық бұзушылармен профилактикалық жұмыс та жүргізіледі. Сот шешімімен 52 адам психокоррекция кабинетіне жіберілген. Онда психологтар олардың мінез-құлқын өзгертуге, агрессия деңгейін төмендетуге және отбасылық жанжалдың қайталануына жол бермеуге бағытталған жұмыс жүргізеді.

Зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдер мен балаларға көмек көрсетуде «Жан-Сая» дағдарыс орталығының орны ерекше. Тоғыз жыл ішінде орталық қызметін 11 586 адам пайдаланған. Оның 3467-сі уақытша баспанада тұрып, қауіпсіз ортада көмек алған. Олардың арасында 1184 әйел мен 2283 бала бар. Орталықта алты айға дейін уақытша паналауға мүмкіндік қарастырылған. Жобалық қуаттылығы – 52 орын. Мұнда әйелдер мен балаларға психологиялық, заңгерлік және әлеуметтік көмек көрсетіліп, қиын жағдайдан шығудың жолын анықтауға қолдау беріледі. Жыл басынан бері Алматының дағдарыс орталықтарына 212 әйел жіберілген. Оның 142-сі кәмелетке толмаған балаларымен бірге «Жан-Сая» орталығына орналастырылған.

Әйелдер мен балалардың құқығын қорғау мәселесіне қоғам назарын аудару мақсатында 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында «Гендерлік зорлық-зомбылықтың барлық түріне қарсы 16 күндік белсенді іс-қимыл» халықаралық акциясы өтеді. Науқан аясында тұрғындардың құқықтық сауатын арттыруға, көмек алу жолдарын түсіндіруге және зорлық-зомбылыққа төзбеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылады.



Ағайынды ұландар

Ұлттық ұланның Алматы қаласындағы 5571 әскери бөлімінде ағайынды жігіттер әскери борышын бірге өтеп жүр.



20 жастағы Джафар мен оның 19 жастағы інісі Расим Джафаров әскерге Талдықорған қаласынан шақырылған. Оларға мерзімді әскери қызмет өтеудің бірнеше бағыты ұсынылған. Бірақ ағайынды жігіт Ұлттық ұланды таңдап, осы құрылымда қызмет етуді жөн көрді. Ағалы-інілі арнайы орта білім алған. Екеуінің де мамандығы веб-дизайнер. Ата-анасы ұлдарының бұл шешімін түсіністікпен қабылдаған. Қазір ағайынды жігіттер әскери дайындықтан өтіп, әскери қызметтің күнделікті тәртібі мен талаптарына бейімделіп келеді.

Ағайынды екінші жұп Өскемен қаласының тумалары. 21 жастағы Рамазан мен 19 жастағы Нұрали Исаевтар да мерзімді әскери қызметке бірге баруды ұйғарған. Екі бауырдың білім жолы әртүрлі. Рамазан С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде «Дене шынықтыру» мамандығы бойынша жоғары білім алған. Ал інісі Нұрали Өскемен медициналық-стоматологиялық колледжін бітіріп, тіс технигі мамандығын меңгерген.

Бүгінде ағайынды екі жұп бір бөлімшеде иық тіресе қызмет етіп жүр. Мұнда туыстық жақындық жауынгерлік міндет, әскери тәртіп пен бір-біріне деген қолдауға ұласып отыр.

Нұржамал ӘЛІШ.

Қаржы пирамидасының қармағына түспеңіз!

Жоғары табысқа қызықтырып, азаматтардың сеніміне кіретін қаржы пирамидаларының қаупі әлі де өзекті. Алматыда соңғы екі жылда осындай заңсыз схемаларға қатысты 20 қылмыстық құқық бұзушылық анықталып, тергеу аясында жалпы сомасы 8 млрд. теңгеден асатын мүлікке, ақша мен цифрлық активтерге тыйым салынған. Сонымен қатар, алаяқтық инвестициялық жобалардың белгілері бар 2 мыңнан астам интернет-сілтеме бұғаттауға жолданған.

Қазіргі қаржы пирамидалары бұрынғыдай ашық алаяқтық үйымдарға ұқсамайды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қаласындағы Экономикалық тергеп-тексеру департаменті жедел басқармасының басшысы Дилар Құғабаев айтып берді. Алаяқтар өздерін инвестициялық платформа, желілік маркетинг, тұтыну кооперативі, криптовалюта жобасы немесе кәсіпкерлік бастама ретінде таныстыруы мүмкін. Алғашқы қатысушыларға төленетін табыс көбіне кейін қосылған адамдардың қаражаты есебінен қалыптасады.

Мұндай жобаларды азаматтардың назарына жеткізу үшін алаяқтар әлеуметтік желілерді, сайттар мен жарнамалық хабарландыруларды белсенді пайдаланады. Осыған байланысты департамент «Кибернадзор» ақпараттық жүйесі арқылы қаржы пирамидасының белгілері бар 2 мыңнан астам интернет-ресурсты бұғаттауға жолдаған.



«Жоғары табыс табамын деген үмітпен адамдар кейде жалғыз баспанасын, көлігін сатады, банктен несие рәсімдейді, ірі көлемде қарыз алады, тіпті бар мүлкін тігіп жатады. Алайда, біраз уақыттан кейін уәде етілген табыстың жалған екені, ал жобаны ұйымдастырушылар төлемді тоқтатып, салымшылардың ақшасымен ізін суытқаны белгілі болады. Нәтижесінде азаматтар жинаған қаражатынан айырылып қана қоймай, миллиондаған теңге қарызға да батады», – деді Дилар Құғабаев.

Спикер қаржы пирамидасын анықтаудағы алты негізгі белгіні атады. Біріншісі – жоғары әрі кепілдендірілген табыс уәде ету. Егер еселеп пайда табатыныңызға сендірсе, ұсыныстың заңдылығына күмәнмен қарағаны жөн. Екіншісі – жаңа қатысушыларды тартуға басымдық беру. Үшіншісі – әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі агрессивті жарнама. Төртіншісі – қажетті лицензиялар мен ашық ақпараттың болмауы. Компанияның заңды тұлға ретінде тіркелуі оның инвестициялық қызметпен айналысуға құқығы бар екенін білдірмейді. Бесіншісі – толыққанды келісімшарттың жасалмауы. Қаражатты қайтару тәртібі, тараптардың міндеттемелері мен жауапкершілігі нақты көрсетілмеген құжаттарға қол қою қауіпті. Алтыншысы – ақшаны қабылдау тәсілдерінің күмәнді болуы. Жеке тұлғалардың шотына ақша аудару, қолма-қол қаражат беру немесе тиісті құжаттарсыз криптовалюта жіберу ұсынылса, мұндай жобадан бас тартқан дұрыс.

Дилар Құғабаев кез келген қаржылық жобаға ақша салмас бұрын компанияның қызметін, лицензиясын және заңды мәртебесін тексеруге кеңес береді. Сондай-ақ, келісімшартты мұқият оқып, ұсынылып отырған табыстың нақты қайдан қалыптасатынын анықтау қажет. Тек әлеуметтік желідегі жарнамаға, оң пікірлерге немесе таныстардың ұсынысына сүйену жеткіліксіз.

Экономикалық тергеп-тексеру департаменті күмәнді инвестициялық жобаларға тап болған азаматтарды құқық қорғау органдарына хабарласуға шақырады. Алматы қаласындағы департаменттің мекенжайы – Жібек жолы даңғылы, 127. Сенім телефоны: 279-29-56. Сондай-ақ, күмәнді жобалар туралы Қаржылық мониторинг агенттігінің әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы хабарлауға болады.

Бетті әзірлеген Дана САДЫРҚАН.



ЦИФРЛЫ АЛМАТЫ

Дәрігерлерге – смарт-видеожетон

Алматының Жедел медициналық жәрдем қызметінің және алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарының мобильді бригадалары қызметкерлеріне смарт-видеожетондар табысталды.



Іс-шара «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлескен бағдарлама аясында ұйымдастырылып отыр.

Медицина мамандарына жалпы саны 468 смарт-видеожетон берілді. Бұл құрылғылар жедел медициналық жәрдем және мобильді бригадалар қызметкерлерінің қауіпсіз еңбек жағдайларын қалыптастыруға, сондай-ақ халыққа көрсетілетін медициналық қызмет сапасын арттыруға бағытталған.

– Жасыратыны жоқ, қазір жедел жәрдем шақырту кезінде дәрігерлер мен фельдшерлерге науқастар немесе олардың туыстары тарапынан түрлі агрессия көрсетілетін жағдайлар кездесіп жатады. Видеожетон осындай құқық бұзушылықтарды тіркеп, дәлелдеуге көмектеседі. Кейде науқастар тарапынан «жедел жәрдем кешікті», «дәрігер дәрекі сөйлесті» немесе «дұрыс ем көрсетпеді» деген шағымдар да түсіп жатады. Осындайда видеожетон бригаданың нақты қай уақытта келгенін, қандай көмек көрсеткенін және қарым-қатынастың қалай өрбігенін объективті түрде дәлелдеуге мүмкіндік береді, – дейді №6 жедел жәрдем станциясының меңгерушісі Гауһар Ермаханқызы.

Сондай-ақ, дәрігердің айтуынша, бейнежазбалар арқылы медицина қызметкерлерінің хаттамаға сай әрекет етуін, науқастармен қарым-қатынас мәдениетін сақтауын бақылауға болады. Бұл күрделі клиникалық жағдайларды талдауға және қызметкерлердің біліктілігін арттыруға септігін тигізеді.

Егер науқас медициналық көмектен немесе ауруханаға жатудан бас тартса, бұл процесс те видеоға тіркеледі. Бұл болашақта науқастың жағдайы нашарлаған кезде дәрігерлерді негізсіз айыптаулардан қорғайды.

Қысқасы, смарт-видеожетондар екі тараптың да – дәрігердің де, науқастың да құқығын қорғап, қызмет көрсету сапасы мен қауіпсіздігін арттыруға арналған құрал.

Тақырыпқа орай айта кетсек, Алматы қаласында тәулігіне шамамен, 3000–3500 шақырту түседі. Ал халыққа медициналық көмек көрсету үшін 196 көшпелі бригада жұмылдырылған.

(Сурет: автордікі).



ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

Көмекші робот

Онкологиялық хирургиядағы ең күрделі отаулардың бірі – Брикер илеокондуитін қалыптастыру және алдыңғы кіші жамбас эксентерациясы. Алматы онкологиялық орталығында осындай кезекті операция сәтімен аяқталды.

Алдыңғы кіші жамбас экзентерациясы – бұл қуықты және ісік процесінен зардап шеккен тіндер мен жамбас құрылымдарын алып тастауды көздейтін ауқымды хирургиялық араласу.

Ота кезінде Брикер илеокондуиті де қалыптасты. Бұл аш ішектің бір бөлігінен зәрдің денеден арнайы зәр жинау қапшығына ағуын қамтамасыз ететін арнайы канал. Мұндай оталар хирургтардың жоғары біліктілігін, мұқият дайындықты және көпсалалы топтың үйлесімді жұмысын талап етеді.

Бұл операцияда алматылық дәрігерлерге робот көмекші болды. Роботталған хирургиялық жүйені пайдалану хирургқа хирургиялық өрістің үлкейтілген үш өлшемді кескінімен жұмыс істеуге және күрделі манипуляцияларды жоғары дәлдікпен орындауға мүмкіндік береді.

Алматы онкологиялық орталығында еліміздегі онкологиялық хирургияға арналған алғашқы роботтандырылған кешен орнатылғаннан бері осы күнге дейін робот көмегімен 25 ота жасалған. Бұдан біз алматылықтарға жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету көкжиегінің кеңейгенін көреміз.

МӘМС

Травматологиядағы тың тәсіл

Мирослав Малыхин – Алматыда әуе спорты түрлерінен нұсқаушы болып жұмыс істейді. Дельтапланмен ұшу кезінде ол оң жақ тізе буынын ауыр жарақаттап алған. Бірақ мән бермей жүре берген.

Уақыт өте келе ауырсыну күшейіп, оң аяғына толық салмақ түсіріп жүру қиындаған. Ауырсыну деңгейі он балдық шкала бойынша 7 балға дейін жеткен. Амалсыздан №4 қалалық клиникалық ауруханаға келіп, қажетті тексерулерден өткен кезде, дәрігерлер оның оң жақ тізе буынындағы байламдардың бірнеше жерден зақымданғанын анықтады. Атап айтқанда, алдыңғы және артқы айқас байламдары, ішкі және сыртқы жанама байламдары жыртылып, менискі бірнеше тұстан зақымданған. Мирослав МӘМС аясында жоспарлы отаға алынды.

«Біз артроскопиялық әдіспен артқы айқас байламды науқастың өз денесінен алынған ұзын шыбық бұлшықетінің сіңірін пайдаланып қалпына келтірдік. Ішкі жанама байламды қалпына келтіру үшін де науқастың өз денесінен алынған жіңішке бұлшықет сіңірі пайдаланылды. Сонымен қатар, менисктің зақымданған бөліктері ішінара алынды. Ота артроскопиялық тәсілмен жасалды. Нәтижесінде зақымданған байламдардың бір бөлігін қалпына келтіріп, әрі қарай оңалту шараларын жүргізуге жағдай жасадық», – дейді №4 қалалық клиникалық ауруханаының травматолог-ортопед дәрігері Бауыржан Нұралиев.

Артроскопия – буын аурулары мен жарақаттарын хирургиялық жолмен емдеудің заманауи, аз жарақаттайтын әдісі. Ота арнайы бейнекамера мен хирургиялық құралдардың көмегімен терідегі шағын тесіктер арқылы жасалады. Бұл әдіс травматологияда, соның ішінде спорттық жарақаттарды – мениск, айқас байламдар мен тізе буынының басқа да құрылымдарының зақымдануын емдеуде кеңінен қолданылады.

№4 қалалық клиникалық ауруханада Аймақтық травматология және ортопедия орталығының базасында мұндай оталар жоспарлы және шұғыл түрде, сондай-ақ күндізгі стационар жағдайында жасалады. Жыл басынан бері ауруханада осындай 550 ота болған.



Қазір Мирослав спортпен айналысуын жалғастырып жүр. Ол параплан спортына әуес, жаңадан бастаған спортшыларға дельтапланмен ұшудың қыр-сырын үйретеді. Сонымен қатар, әуе шарымен ұшу бойынша да нұсқаушы болып жұмыс істейді.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.



Басымыздан өткен XX ғасырдың барлық өңі қызылмен бүркеулі еді. Соғыс туралы кинолар жұлдызды соцреализмнің құрсауында жаппай кейін қалып қойған жылдар кейде ойға оралады. Идеологиялық үлгіде (modeling) шығарма жазып үйренгендер көбінесе солай деп жүре бергенімен өзін бір шеңберден шығара алмай қаңғырығы түтейтін, сәл жартылай ашық саналылар анда-санда кездесетін-ді.



ГОША мен ВЕРА

(естегі эссе)

Режиссердің теңдессіз шешімі

Бұл кинофильмнің жанры жалпысында сатиралы мелодрама. Қызықты еді. Көрерменнің жас айырмашылығы әбден сараланып, сәтті ойластырылған. Сценарийді үкілеген әйгілі әндігер киносценарист, драматург Валентин Константинович Черных (1935–2012). Әуелгі мәтінде «Екі мәрте алдаған» (Дважды солгавшая) деген атпен әйтеуір бір жарысқа түсу үшін 19 күн ішінде жазыла салған шығарма болса керек. Валентин Черных өзі кішкентайынан әскери казарманы жағалап батальонның әмірі офицер әкесімен бірге жауынгерлердің арасында көп жүрген өзінше сотқар, өзгеше ерке. Сондықтан оның қандай бір істі орындаушылық қабілеті мен дөңайбат дөрекілігі де жеткілікті еді дейді. Маған режиссердің советтік ескі үрдістердегі олқылықтарды арылту және өнерге деген сананы өзгерту үшін соны шешімдері ерекше ұнаған-ды.

Сонымен, кино қысқа мерзімде жарық көрді де, бүкіл одақтық елдімекендерде кеңестік жалаулы кино залдарында күшті түрен салды. Ақиесінің бағы да қоңыр қой жылы басталысымен (1979) Кеңес елінде дүниені дүрліктіре идеологияланған уақыттан сыпырылып шыққан бірегей кинофильм есте қалыпты. Алдымен сүйінші шығарылымы ДСНК (Дом советской науки и культуры) деп аталатын кеңестік көркемөнер мен мәдени орталықта көрсетілді. Содан кейін науқаншылатпай-ақ, Ұланбатырдағы кинотеатрлар лық толатұғын. Бұл – «Мосфильм»-нің өнімі – әйгілі «Москва слезам не верит» еді. Билет те оңай табыла салмайды. Киноны бастан-аяқ көрген де арманда, көрмегендер тіптен әріде. Әйтеуір сол кездегі Сауда министрлігінде қызмет ететін Сыдық Шатырбай дейтін зиялы ағамыздың көмегімен екі билет тауып жұбайым Раушан Базарханқызы екеуіміз енгеніміз есімде.

Режиссердің теңдессіз шешімі

Бұл кинофильмнің жанры жалпысында сатиралы мелодрама. Қызықты еді. Көрерменнің жас айырмашылығы әбден сараланып, сәтті ойластырылған. Сценарийді үкілеген әйгілі әндігер киносценарист, драматург Валентин Константинович Черных (1935–2012). Әуелгі мәтінде «Екі мәрте алдаған» (Дважды солгавшая) деген атпен әйтеуір бір жарысқа түсу үшін 19 күн ішінде жазыла салған шығарма болса керек. Валентин Черных өзі кішкентайынан әскери казарманы жағалап батальонның әмірі офицер әкесімен бірге жауынгерлердің арасында көп жүрген өзінше сотқар, өзгеше ерке. Сондықтан оның қандай бір істі орындаушылық қабілеті мен дөңайбат дөрекілігі де жеткілікті еді дейді. Маған режиссердің советтік ескі үрдістердегі олқылықтарды арылту және өнерге деген сананы өзгерту үшін соны шешімдері ерекше ұнаған-ды.

Сонымен, кино қысқа мерзімде жарық көрді де, бүкіл одақтық елдімекендерде кеңестік жалаулы кино залдарында күшті түрен салды. Ақиесінің бағы да жұлдыздай жарқырады десе болады: ең алдымен КСРО өнерге еңбек сіңірген қайраткер атағы, іле-шала Мемлекеттік сыйлыққа қол жеткізді (1980).

Дүниені дүр сілкіндірген киноны шетелдегі қырағылар бірден іліп алып көрсете бастады. Әлемдік топ жарып деңгейге айқайлатып шыққан шынар фильмнің шын көрермендері бірден 90 млн.-ға немесе одан да көп санға тірелген үздік (top band) трендге бағаланған осынау – «Москва слезам не верит» 2 сериялы 148 минутқа жалғасатын кинофильм. Әрине, ерекшелігімен идеологиялық қасаң шеңберден секіріп өтіп, әлемдік ең беделді «Оскар» сыйлығын да оп-оңай «тымақпен ұрып» алған-ды.

«Оскар»-ды опырған...

Кеңестік ортада жасалған керемет киноның осындай ғаламдық деңгейге көтерілуіне туындының жанры мен стильдік өзгешеліктерді, әуен мен сюжеттерді «майдан қылшық суырғандай» етіп ғажайып шегендеп байланыстырып, ұштастырушы немесе осы заманауи өте кең деңгейде ойлай алатын: актерлер мен актрисалардың мизансценасын мінсіз ұқыптайтын шебер режиссердің еңбегі алғы сапта болуында талас жоқ. Хош!



КСРО-ның халық әртісі, «атағынан ат үркетін» кинорежиссер продюсер режиссер Владимир Валентинович Меньшов (1939–2021) осы туындысын шексіз сезімталдықпен орындай білген секілді. Валентинович Меньшовтың өзі мынау Әзербайжанда туған, түстіктегі Астраханда балалық шағы өткен, өзі көпті көрген, табиғи болмысынан көреген әрі тума талант.

«Оскар»-ды опырған режиссерге 1981 жылы жарты ғаламның жалпы алқауымен КСРО билігі тарапынан ақыры – «Государственная премия РСФСР имени Н.К.Крупской – премиясы» берілмей неғылсын!?

Вера және басқалар

Кинодағы басты рөл Катя Тихомированың бейнесін – Владимир Меньшовтың сілікзат әйелі аймаңдайлы Вера Алентова сомдады. Екінші басты рөлдегі кейіпкер Людмила Свиридованы да құлпыртқан – аса талантты тұлға көрерменді арбап таңқалдыратын эксцентристік біртуар актриса Ирина Вадимовна Муравьёва өте өршіл өркөкірек, өрескел елгезек ғажап кейіпті ғаламат етіп жасап ұсынды. Тосяның (Антонина Буянованың) тосын рөлін – КСРО мемлекеттік сыйлығының иегері, Ресейдің халық әртісі Раиса Рязанова сомдағаны көрермендер жадысында ең ақылды әйелдің тамаша бейнесімен дәйім есте қалған.

Ал енді Катяның қызы Александраның бейнесін Наталья Вавилова – ол да керемет тосын келісімді бейне, тәкаппар образ. Сол кездегі жас зиялы отбасылардың кейбірінің тұңғыш қыздары «Вера» деп те аталды. Жуықта сол кезде туған «Вералардың» бірімен ұшырастым, енді 40-тың қырқасынан асыпты.

Фильмдегі рухты әуендер

Ал енді Катяның қызы Александраның бейнесін Наталья Вавилова –керемет тосын келісімді бейне, келіскен ару дедік. Мұндағы «Александра» әуені фильмнің әлқиссасындай! Сергей Никитин бард сазгердің әні. Жұбайы Татьяна Никитинамен дуэті! Сөзін авторлық ән жанрының көрнекті өкілдері Дмитрий Сухарев (1930–2024) пен Юрий Визбор (1934–1984) жазған дейді.

Мәскеуге арналған сырлы әуезден де тыс фильмге арналған түрлі әуендер тоғысы да сүлей ғой, ойпырым-ай! Шеттегі біз үшін «Досмұқасан» ансамблі орындайтын – «Алматы түні» әуені секілді еді. XX ғасырдағы кеңестік эстраданың таңғы жарық шолпаны Клавдия Ивановна Шульженконың (1906–1984) ғажайып әуезімен бірге тіпті сонау 1960 жылдардағы түрен болған алтын үнді дискант: итальяндық атақты «алтын бала» – Роберто – Robertino Loreti-дің хит болған «Jamaica» әуезі де әсерлі еді!? Сонымен бірге: «Жаңа жыл, шыршаның қасындағы сыр» («Диалог у новогодней Ёлки») әуені де Сергей Никитиндікі.

«– Что происходит на свете? – А просто зима. – Просто зима, полагаете вы? – Полагаю...», – деп басталатын қоңыр әуездің құбылмалы сөзін жазған кеңестік орыстың керемет ақыны, атақты тәржімагер, лирикалық пародия жанрының көрнекті өкілі Юрий Давидович Левитанский (1922–1996) болатұғын.

– Дүние неге өзгерді?!
– Қыс түсті өзге ештеңе.
– Аяз ба, жайбір өзге енді?
– Солай да шығар дескен ем.
Келгенше шамам еппенен,
Үйқыда үнсіз мүлгіген,
Үйіңе келіп кеткен ем.
– Не болмақ соңы ақырғы?
– Аязды қаңтар келеді.
– Аязды неге шақырдың?
– Сенемін, оған себебі.
Баяғы кезден беріде мен,
Қыраудан бедер тоқыдым.
Әліппенің әріпін зерделеп,
Қайталап тағы оқыдым...

Таңғажайып образ

Ең ерекше кейіпкер – фильмнің әуелгі визит картасы саналатын Гошаның (Георгий Иванович) таңғажайып образын кезінде: Францияның Канны (Cannes) қаласында өтетін халықаралық кинофестивалінің ең басты сыйлығы – «Алтын пальма бұтағын» осыдан алпыс неше жыл бұрын шамасы 30 жасында ғана «сындырып жұлып алған» ұлы өнер иесі КСРО халық әртісі әрі Социалистік Еңбек Ері Алексей Баталов (1928–2017) ойнады. Сол кезде біздің бір ағамыз осы Гошаға өте ұқсас еді. Киноны көргеннен кейін ағамен кездескенде оның Гошаға ұқсап танауын едірейтіп отырып айтатын әсерлі әңгімесін тыңдап бір жырғап қалушы едік.

Әлемде «Оскар» сыйлығына 1944 жылы ие болған американдық классикалық мелодрама – «Касабланка» (Casablanca 1942) фильмі болған есіңізде ме!? Режиссері венгр тегінен шыққан Майкл Кёртис (1886–1962) еді. Жетпіс неше жыл жасағанда 160 кинофильм ұсынған еңбеккер. Әлемдік санаттағы ең «Үздік ер адам» рөліне ие болған Хамфри Бограт (Humphrey Bogart, 1899–1957) есімді тұмарлы шедеврі болды. Америка кино өнері тарихындағы «ең ұлы ер актері» деген өшпес абырой атаққа ие тұлға дейік...

Осы туындыдан кем түспейтін кеңестік күрделі тұстағы «Москва слезам не верит». Оның ерекше актері Алексей Баталов болуы мүмкін.

Бұйырса: Қазақ Елінде де дәл осылардай бірнеше фильмдер ұсыну арқылы алтын ғасырлық «Оскар»-ды ұтарлық ұлы туындылар туарына сенейік. Ләйім солай...

Сұраған РАХМЕТҰЛЫ.

ЭКОЛОГИЯ

Ауа тазаратын болады

Алматыда атмосфералық ауаның сапасына әсер етуі мүмкін нысандарға мониторинг жүргізу әлі де жалғасып жатыр. Бұл ретте «Eco Almaty» ЖШС мамандары Жетісу ауданындағы барлық моншаларды, қоғамдық тамақтану орындарын, техникалық қызмет көрсету станциялары мен басқа да нысандарды тексеріп шықты.

Қазіргі таңда Жетісу ауданындағы 5 жекеменшік монша, 25 қоғамдық тамақтану нысаны мен 11 техникалық қызмет көрсету станциясы тексерілді.

Әсіресе, қоғамдық тамақтану орындарына ерекше назар аударылып, аудандағы 91 нысанның 80-і әлі де қатты отынды пайдаланатыны белгілі болған еді. Сондықтан ағымдағы жылдың соңына дейін олардың 69-ын электр мангалдарына көшіру жұмысы басталды.

Сонымен қатар, жаңа жылдан бастап III санаттағы бірқатар нысан үшін атмосфералық ауаны қорғауға қатысты жаңа талаптар күшіне енетін болды. Олар экологиялық тұрғыдан таза отын түрлерін пайдалануды, шығарындыларды тазарту жүйелерін орнатуды және белгіленген экологиялық талаптарды сақтауды көздейді.

Рая ЕСКЕНДІР.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2027 жылға баспасөзге жазылу науқаны жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ұтысқа түседі!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2027 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет!

2026 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp-нөміріне 8 707 948 73 78 немесе almatyaqparat@gmail.com электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 100 (Сейфуллин көшесінің бұрышы).

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

Барлық почта бөлімшелерінде «Қазпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС жазылуға болады.

Сондай-ақ, онлайн Qazpost.kz қосымшасы арқылы да жазылуға болады.

Қызмет тәулік бойы, 24/7 жұмыс істейді.



2027 ЖЫЛҒА БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:
Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 10499,64 теңге.
Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 7859,64 теңге.

Тек бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!

Анықтама бойынша: 8 (727) 248-49-55, 8 707 948 73 78.

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтыру газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:
- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекіткіштің иінтірегін клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде үйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:
1. Жедел түрде барлық газ крандарын жабу керек.
2. Бөлмені желдету керек.
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады.
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҰНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жеңіл
Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% дейін Орташа
Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр
Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)

АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

- Дәрігер шақыру.
- Дәрігер келгенге дейін: жеңіл уланған жағдайда мұсатір спиртін иіскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.
- Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет.

ГАЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ 104

QAZAUGAZ

НАҚТЫ СЕКТОР

АРЫҚТАР МЕН КӘРІЗДЕР кеңейтіледі

Шаһарда ашық арық желісін сақтау, қалпына келтіру және кеңейту жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Жыл сайын қала аумағында қолданыстағы арықтар жаңартылып, жаңа желілер салынады.

Биыл бұл жұмыстар қаланың орталық, шығыс және батыс бөліктерін қамтыды. Атап айтқанда, орталық бөлікте 76,6 шақырым, шығыста 30,7 шақырым, ал батыста 37 шақырым арық желісін салу және қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Қаланың 2040 жылға дейінгі түзетілген Бас жоспарында ашық арықтарды сақтауға ерекше мән берілген. Құжатқа сәйкес, арықтарды құбырларға ауыстыруға тыйым салынады. Ашық арық салуға техникалық мүмкіндік жоқ кейбір учаскелерде ғана құбыр пайдалануға рұқсат етіледі.

«Алматыда арық желісін қысқарту емес, керісінше кеңейту көзделіп отыр. 2030 жылға дейін кемінде 100 шақырым арық қалпына келтіріліп, әл-Фараби және Абай даңғылдарының бойында жаңа магистральдық арналар салынады. Ал 2040 жылға қарай ашық су бұру желісінің ұзындығын қазіргі 290 шақырымнан 483 шақырымға дейін жеткізу жоспарланған. Сонымен қатар, ұзындығы 357 шақырым болатын жабық нәсер кәрізі салынады. Бұл жүйе қолданыстағы арықтарды алмастырмайды, керісінше олардың жұмысын толықтырады. Жаңа кәріз желілері нәсер жауын кезінде ойпаң аумақтар мен күрделі жол қиылыстарында жиналатын суды тиімді бұруға мүмкіндік береді», – деп хабарлады қала әкімдігінің өкілдері.

Әкімдікте ашық арықтар мен өзендердің қаланың экологиялық жағдайын жақсартудағы маңызына да тоқталды. Олар, әсіресе, түнгі уақытта ауаны табиғи жолмен салқындатып, ағаштар мен жасыл желектерді ылғалмен қамтамасыз етеді. Осыған байланысты Алматының жаңа Бас жоспарында ашық арық желілерін қаланың су және жасыл инфрақұрылымының ажырамас бөлігі ретінде сақтап, одан әрі дамытуға басымдық берілген.



Гүлжанат СЕМБАЕВА.

«Almaty aqshamy» газетінің ұжымы қанаттас «Вечерний Алматы» газетінде ұзақ жыл еңбек еткен

Татьяна Ильинична АКИМОВАНЫҢ

дүниеден өтуіне байланысты марқұмның туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ALMATY AQPARAT

Бас директордың міндетін уақытша атқарушы **Абдухалил ЖАЛИЛОВ**
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:

8 777 078 53 48,
8 747 204 19 70 (WhatsApp)
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Нұрлан СҮЙІН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ГАНДБОЛ

АЛМАТЫДА АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ





Қалада гандболдан әйелдер командалары арасындағы XXI Азия чемпионатына арналған баспасөз мәслихаты өтті. Іс-шара барысында ұйымдастырушылар турнирге дайындық барысы мен Қазақстан құрамасының мүмкіндіктері туралы айтып берді.

Қазақстан гандбол федерациясының президенті, Азия гандбол федерациясы кеңесінің мүшесі Гүлнар Тұрлыханованың айтуынша, Азия чемпионаты 2026 жылғы 23 қараша мен 3 желтоқсан аралығында Алматы қаласында ұйымдастырылады. Құрлықтық додаға Қазақстан құрамасын қоса алғанда, Азияның 10 елінен командалар қатысады. Олардың қатарында Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай, Иран, Үндістан, Тайланд, Австралия және Тайпей елдері бар.

– Қазақстан гандбол ересектер арасында халықаралық жарысты 4-рет қабылдап жатыр. Ал жасөспірімдер арасындағы додаларды жыл сайын өткіземіз деуге болады. Бұл Азия чемпионатының ерекшелігі – командалар екі топқа бөлініп, айналмалы жүйемен бір-біріне қарсы ойнайды. Әр құрама 7 ойын өткізеді. Жарыс нәтижесі бойынша біздің қыздар жеңіске жетіп, әлем чемпионатына жолдама алады деп үміттенеміз, – деді Гүлнар Тұрлыханова.

Сонымен қатар, ол жарыстың қорытындысы бойынша үздік төрт құрама 2027 жылғы 30 қараша мен 19 желтоқсан аралығында Мажарстанда өтетін IHF әлем чемпионатына жолдама алатынын атап өтті.

Баспасөз мәслихаты барысында Австралия құрамасының бас бапкері Оуэн Мюррей Алматы туралы әсерімен бөлісті.

– Біз мұнда үлкен сапар жасадық. Ушу ұзақтығы 20 сағаттай болды. Бірақ Алматы қаласы бізге өте ұнады. Біз қарды жиі көре бермейміз, сондықтан бұл жақтың ауа райы ерекше көрінді. Командамыз жас әрі тәжірибесі аз болса да, бәрі секілді жеңіске жетуге ұмтыламыз. Әлем чемпионатында іріктеліп өткізгіміз келеді, – деді бапкер.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ӘУЕСҚОЙ СПОРТ

ПРОКУРОРЛАР САЙЫСЫ

Алматы қаласындағы «Бағаншыл» спорт кешенінде Қазақстан Республикасы прокуратурасы органдарының құрылғанына 35 жыл толуына орай өңіраралық спорттық жарыстар өтті.

Іс-шараға Алматы және Шымкент қалаларының, Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарының прокуратура командалары, сондай-ақ Бас әскери және Бас көлік прокуратураларының қызметкерлері қатысты.

Футбол, волейбол, шахмат, армрестлинг, теннис, т.б. спорт түрлері бойынша өтетін мерейтойлық сайыстардың басты мақсаты – прокуратура органдары арасындағы кәсіби ынтымақтастықты нығайту, командалық бірлікті арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және спорттық дәстүрлерді дамыту.

Жарыстың ашылу салтанатында сөз сөйлеген Алматы қаласының прокуроры Серік Кәріпбеков еліміздің оңтүстік өңірлеріндегі прокуратура басшыларын, ведомство қызметкерлері мен ардагерлерін айтулы мерекемен құттықтап, спорт алаңдарында көтеріңкі көңіл күй мен жағымды әсерге бөленулеріне тілектестік білдірді.

Алматы қаласы прокурорының көмекшісі Райымбек Шәріпбаев әріптестерінің қызметтік мәселелерді талқылаумен қатар, спортта да өздерін жақсы қырынан танытып жүргенін атап өтті.

– Алдағы екі күнде біз әріптестерімізбен бірге ведомствомыздың «Заң мен тәртіп» қағидаттарын қамтамасыз етудегі рөліне арналған іс-шараларға қатысамыз. Қоғамда болып жатқан маңызды өзгерістерді талқылап, жұмыс тәжірибемізбен бөлісеміз. Сонымен қатар, достық қарым-қатынасты нығайтып, спорттың біздің өмірімізде маңызды орын алатынын көрсеткіміз келеді. Бұл додада прокуратураның жүзден астам қызметкері футбол, волейбол, үстел теннисі, шахмат және басқа да спорт түрлерінен өз шеберліктерін ортаға салады. Қызу бәсеке мен жеңіске деген ұмтылыс, қуаныш пен өкініш – мұндай сезімдердің барлығы прокурорларға да жақсы таныс. Бірнеше сағат ішінде олар өздерін көпшілікке үйреншікті емес қырынан таныта алады, – деді Райымбек Шәріпбаев.

Нұрлан СҮЙІН.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.







ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ
€ EUR/KZT 487,29 теңге
$ USD/KZT 444,16 теңге
₽ RUB/KZT 5,4 теңге
¥ CNY/KZT 66,63 теңге